

Алматы қаласының 2024 жылға арналған бюджет қаражатының көлемі шегінде балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы

Алматы қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 20 қарашадағы № 4/634 қаулысы

Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 6 бабы 3 тармағының 7-4) тармақшасына және 62 бабының 6-2 тармағына сәйкес Алматы қаласының әкімдігі
ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Алматы қаласының 2024 жылға арналған бюджет қаражатының көлемі шегінде балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысы бекітілсін.

2. "Алматы қаласы Білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

Алматы қаласының әкімі

Е. Досаев

Алматы қаласы әкімдігінің
2024 жылғы "20" қарашадағы
№ 4/634 қаулысына қосымша

Алматы қаласының 2024 жылға арналған бюджет қаражатының көлемі шегінде балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысы

p/c	Қосымша білім беру бағыттарының түрлері	Білім алушылардың және (немесе) тәрбиеленушілердің саны	Айына бір білім алушыға және (немесе тәрбиеленушіге) жұмсалатын шығыстардың орташа құны, теңге
1	Ғылыми-техникалық бағыт		22 007

		1500	
2	Туристiк-өлкетану бағыты	500	17 115
3	Экологиялық-биологиялық бағыт	250	17 115
4	Көркемдік-эстетикалық бағыт	1100	17 115
5	Әлеуметтік-педагогикалық бағыт	860	17 115
6	Гуманитарлық бағыт (тіл курстары)	2190	17 115
7	Жаратылыстану-математикалық бағыт (математикалық курстар)	1250	17 115
	Жиынтығы	7650	
Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға			
1	Ғылыми-техникалық бағыт	100	69 362
2	Көркемдік-эстетикалық бағыт	245	69 362
3	Әлеуметтік-педагогикалық бағыт	225	69 362
4	Гуманитарлық бағыт (тіл курстары)	140	69 362
5	Жаратылыстану-математикалық бағыт	140	69 362
	Жиынтығы	850	
	Барлығы	8 500	